

FTAMP/ SRSTI/ ГРНТИ 16.23.47

<https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0007-8095-5681>
e-mail: nursultan922404@gmail.com

«КӘПІР» ЖӘНЕ «КҮПІР» ҰҒЫМДАРЫНА ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мухитдинов Рашид Сражович
Филология ғылымдарының кандидаты,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Бегимбет Нурсултан
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан

«تحليل تأويلي لغوي لمفهومي «الكافر» و«الكفر»

رشيد محي الدينوف
دكتورة في علوم الفيلولوجيا والعلوم الإسلامية
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية (نور مبارك)،
ألماتي، كازاخستان

نورسلطان بيجيمبيت
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية (نور مبارك)،
ألماتي، كازاخستان

THE THEOLINGUISTIC ANALYSIS OF THE CONCEPTS OF «KAFIR» AND «KUFR»

Mukhitdinov Rashid Srajovich
Candidate of Philological Sciences,
Egyptian University of Islamic
culture Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Beginmbet Nursultan
Egyptian University of Islamic
culture Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

ТЕОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОНЯТИЙ «КАФИР» И «КУФР»

Мухитдинов Рашид Сражович
Кандидат филологических наук,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарака,
г. Алматы, Казахстан

Бегимбет Нурсултан
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарака,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ислам дініндегі өзекті мәселелердің бірі саналатын «тәкфир» ұғымы жан-жақты зерттеледі. Тәкфир – мұсылманды күпірлікке шығару немесе оны діннен шыққан деп жариялау мағынасын білдіретін шариғаттық термин. Мақалада бұл ұғымның діни, әлеуметтік және тарихи маңызы ашылып, оның мұсылман қауымы арасында туындаған тартыстар мен қақтығыстардағы рөлі қарастырылады.

Мақалада тәкфирдің тарихи негіздері, оның ішінде харижиттер қозғалысының ықпалы, сондай-ақ қазіргі заманғы діни экстремизм және радикалды идеологиялар аясындағы көріністері талданады. Тәкфир үкімін қолданудың шариғи шарттары мен қағидаттары қарастырылып, бұл мәселенің исламдық құқықтағы орны түсіндіріледі. Сонымен қатар күпірлік ұғымының түрлері, жеңіл күпірлік пен ауыр күпірлік арасындағы айырмашылықтар және шүкірсіздік пен күпірлік арасындағы байланыстар Құран аяттары мен пайғамбар хадистері негізінде талқыланады.

Бұл мақалада автор тәкфир мәселесіне байланысты шектен шығудың қауіпті салдарына тоқталып, діни білімсіздік пен радикализмнің қоғамға зиянын атап көрсетеді. Сонымен бірге тәкфир үкімін шығару құқығының тек жоғары деңгейлі діни ғұламаларға ғана тиесілі екенін ерекше атап өтеді. Мақалада исламның бейбітшілік, бірлік және төзімділік қағидалары негізінде дұрыс діни түсінікті қалыптастыру қажеттілігі баяндалады.

Түйін сөздер: тәкфир, күпірлік, ислам, харижиттер, ауыр күнә, дін, шариғат, шәһәда.

ملخص: تتناول هذه المقالة دراسة شاملة لمفهوم "التكفير"، الذي يعد إحدى القضايا المهمة في الإسلام. التكفير مصطلح شرعيّ يعني إعلان المسلم كافراً أو إخراجَه من الدين. تناقش المقالة الأهمية الدينية والاجتماعية والتاريخية لهذا المفهوم، ودوره في النزاعات والخلافات داخل المجتمع الإسلامي.

تحلل المقالة الأسس التاريخية للتكفير، بما في ذلك تأثير حركة الخوارج، وكذلك مظاهره في سياق التطرف الديني الحديث والإيديولوجيات الراديكالية. كما تستعرض شروط التكفير ومبادئه وفق الشريعة الإسلامية، وتوضح مكانته في الفقه الإسلامي. بالإضافة إلى ذلك، تناقش المقالة أنواع الكفر، والفروق بين الكفر الأصغر والكفر الأكبر، وعلاقة الجحود بالكفر استناداً إلى آيات القرآن وأحاديث النبي صلى الله عليه وسلم.

يسلط الكاتب الضوء على العواقب الخطيرة للتطرف المرتبط بقضية التكفير، ويؤكد على الضرر الذي يلحقه الجهل الديني والتطرف بالمجتمع، كما يشير بشكل خاص إلى أن إصدار حكم التكفير يقتصر فقط على العلماء المؤهلين تأهيلاً عالياً. وتؤكد المقالة على ضرورة تعزيز الفهم الصحيح للدين بناءً على مبادئ السلام والوحدة والتسامح في الإسلام.

الكلمات المفتاحية: التكفير، الكفر، الإسلام، الخوارج، الكباثر، الدين، الشريعة، الشهادة.

Abstract. This article provides an in-depth study of the concept of “takfir,” one of the pressing issues in Islam. Takfir is a Sharia term that refers to declaring a Muslim as an unbeliever or excommunicating them from the faith. The article examines the religious, social, and historical significance of this concept, as well as its role in conflicts and disputes within the Muslim community.

The historical foundations of takfir, including the influence of the Kharijite movement, are analyzed, alongside its manifestations in contemporary religious extremism and radical ideologies. The article explores the Sharia conditions and principles for issuing a takfir ruling

and explains its place in Islamic jurisprudence. Additionally, it discusses the types of disbelief (kufr), the distinctions between minor disbelief and major disbelief, and the connections between ingratitude and disbelief based on Quranic verses and the sayings of the Prophet.

The author emphasizes the dangerous consequences of extremism related to the misuse of takfir and highlights the harm caused to society by ignorance and radicalism. Furthermore, the article underscores that the authority to issue a takfir ruling belongs exclusively to highly qualified Islamic scholars. The necessity of fostering a correct understanding of religion based on the principles of peace, unity, and tolerance in Islam is also elaborated.

Keywords: Takfir, disbelief, Islam, Kharijites, major sin, religion, Sharia, Shahada.

Аннотация. В данной статье всесторонне исследуется понятие «такфир», являющееся одной из актуальных проблем в исламе. Такфир – это шариатский термин, означающий объявление мусульманина неверующим или его отречение от религии. В статье рассматривается религиозное, социальное и историческое значение этого понятия, а также его роль в конфликтах и разногласиях внутри мусульманской общины.

Анализируются исторические основы такфира, включая влияние движения хариджитов, а также его проявления в контексте современного религиозного экстремизма и радикальных идеологий. Рассматриваются шариатские условия и принципы вынесения решения о такфире, разъясняется его место в исламском праве. Кроме того, обсуждаются виды неверия, различия между малым и большим неверием, а также связь между неблагодарностью и неверием на основе аятов Корана и хадисов пророка.

Автор акцентирует внимание на опасных последствиях крайностей, связанных с такфиром, и подчеркивает вред, который религиозное невежество и радикализм наносят обществу. Также особо отмечается, что право вынесения решения о такфире принадлежит исключительно высококвалифицированным исламским учёным. В статье подчёркивается необходимость формирования правильного религиозного понимания на основе принципов мира, единства и терпимости в исламе.

Ключевые слова: такфир, неверие, ислам, хариджиты, большой грех, религия, шариат, шахада.

КІРІСПЕ

Тәкфир мәселесі – діннің нәзік әрі жауапты аспектілерінің бірі. Әрбір мұсылман бұл ұғымды қолдану барысында өте мұқият болуы қажет. Исламның негізгі мақсаты – адамдарды жақсылыққа шақыру, бейбітшілік орнату және бірлікті сақтау.

Тәкфир – бір мұсылманды немесе белгілі бір топты күпірлікке шығару, яғни діннен шықты деп айыптау. Бұл ұғым исламдағы ең қауіпті және күрделі мәселелерге жатады. Тәкфирдің дұрыс түсінілмеуі немесе

орынсыз қолданылуы көптеген жеке және қоғамдық мәселелерді туындауы мүмкін. Оның негізгі қауіп-қатері: мұсылман қоғамының бөлінуі, заңсыздық пен зұлымдық, экстремизм мен радикализмнің дамуы, діннің беделіне нұқсан келтіру, қоғамдық тұрақтылыққа қауіп.

Тәкфир тек қана жоғары деңгейлі білімді ғалымдардың және шариғатқа толық сәйкес келетін дәлелдер негізінде жүзеге асырылуы керек. Сонымен қатар бұл үкім жеңіл-желпі шешілетін мәселе емес, ол аса сақтықпен

қарауды талап етеді. Алла тағала мұсылмандарға бір-біріне жұмсақ әрі кешірімді болуды бұйырған.

Тәкфир ұғымын дұрыс түсінбеу ислам тарихында ғасырлар бойы көптеген келіспеушілік, бүлік және соғыстың туындауына себеп болды. Ислам тарихына үңілсек, ең алғашқы мұсылмандардың арасындағы жойқын соғыс харижиттер тобының Әлиді және көптеген сахабаны кәпірге шығару арқылы орын алғанына куә боламыз. Әзіреті Әли тұсында мұсылман мемлекетінде де дін мен саясатқа байланысты түсініспеушілік болған. Әзірет Әлидің кейбір саяси шешімдерін сынға алып, күпірлікте айыптаған тәкфир жамағаттары алғаш сол кезде кең тарала бастады. Оларды тарихтан харижиттер деп тануымыз. Мәселен, әзіреті Әлиге екі жақтан келіспеушілік туғанда белгілі бір адамды төреші етіп, сол төрешінің шешіміне жүгінейік деген ұсыныс жасалады. Сонда харижиттер әзіреті Әлиге сен адамды төреші етіп қойдың, Құранда шешімді, үкімді шығаратын төреші тек Алла деп айтылған, сен Құранға қарсы келдің, мұсылмандықтан шықтың, кәпірсің деп айыптаған болатын. Әрине, бұл – дінді шала, үстірт түсінуден туындаған әрекет.

Бүгінгі күнімізде де «тәкфир» ұғымын дұрыс түсінбеу әлемнің әртүрлі елінде ұлтаралық, этникалық және діни қарама-қайшылық пен ішкі және аймақтық қақтығыстардың туындауына алып келді.

Қазіргі таңда елімізде тәкфир мәселесін айқын түсіндіріп беретін ақпарат көзінің аздығынан қоғамда осы мәселе жайлы қате түсініктер мен

кереғар ұғымдардың қалыптасқанын байқауға болады. Соның салдарынан халық арасында туыстық қарым-қатынас үзіліп, нәтижесінде жұртшылықтың дінге деген қайшы көзқарасы пайда болуда. Теріс ағымдардың ықпалынан туындаған күпірлікке шығару мәселесі көбіне еліміздің жастарын өз тұзағына түсіріп, болашағына балта шабуға. Құран мен сүннетті қате түсініп, өз түсінгендеріне сәйкес бұрыс насихаттаудың нәтижесінде ауыр күнә істеген адамды күпірлік қылды деп үкім кесуге және олардың иелігіндегі бар мүлікті мұсылмандарға толықтай адал деп шешім шығаруға дейін барды. Мемлекеттерді діни және діни емес деп бөліп-жарып, діни емес мемлекеттердің заңдарына бағынбауға, биліктегілерге қарсы шығуға шақыруда. Ғасырлар бойы ислам дінімен біте қайнасып келе жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дінге сай емес деу арқылы халықты беймаза күйге түсіруде.

Мақсаты: Мақаланың басты мақсаты – заманымыздағы ислам әлеміндегі өзекті тақырыптардың бірі саналатын тәкфир ұғымын дұрыс және терең түсінбеу қоғамға, мемлекетке, тіпті әлемге өте қауіпті екендігін баяндау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы: мақала мақсаты мен міндеттерін объективті әрі ғылыми тұрғыдан шешу үшін ең алдымен лексика-семантикалық әдістері, деректерге жүйелілік принциптер бойынша талдау жасау, синтездеу әдісі, сонымен қатар салыстырмалы-сараптама талдау әдістері, мәтіндерді аудару әдістері, сипаттама мен тұжырым жасау әдістері қолданылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Күпір» сөзі араб тілі сөздіктерінде, атап айтқанда, Ибн Манзурдың «Лисән әл-араб» (Manzur, 1882: 85) сөздігінде «жасыру», «жабу», «төңкеру» деген мағыналарды білдіреді.

Араб тілінде барлық материалдық және рухани нәрсеге тосқауыл қоюға «күпір» сөзі қолданылады. «Кәпір» – осы істерді жасайтын адам. «Кәпір» сөзі түн үшін де қолданылады, өйткені ол барлық нәрсені қараңғылығымен жауып тұрады.

Ал Құран және хадистерде күпір, күпірлік, кәпір сөздері бірнеше мағынада қолданылған.

1. Күпір сөзі нығметке қатысты қолданылғанда шүкірсіздікті білдіреді. Қасиетті Құранда былай делінген: «Егер шүкір етсеңдер, нығметімді арттырамын. Ал егер күпір етсеңдер, онда азабым, расында да, тым қатты» (Ибраһим, 7). Бұл аяттағы «كفرتم» сөзі (егер күпір етсеңдер) «шүкір етпесеңдер» мағынасында айтылған. Төмендегі хадисте де «күпір» сөзі осы мағынада келген:

Жәбірден (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімге сыйлық берілсе, мүмкіндігі болса (сыйлықпен) жауап берсін, ал мүмкіндігі болмаса, алғыс айтып, оған дұға етсін. Расында, кім алғыс айтып, дұға жасаса, оған жауап қайтарғаны. Ал кім алғыс білдірмей, дұға жасамаса, өзіне берілген сыйға күпір еткені», – деген (al-Kashmiri, 2007: 296). Бұл хадисте «күпір еткені» деген сөз «шүкірсіздік танытқаны» деген мағынада айтылған.

2. «Күпір» сөзі мойындамау, жоққа шығару деген мағынаны да білдіреді.

Қасиетті Құранда былай делінген: «Сондай-ақ бұдан бұрын мені Аллаға серік етіп қосқандарыңа да күпір еттім (*мойындамадым*)» (Ибраһим, 22).

«Күпір» – иманға қарама-қайшы сенбеу деген мағынада да қолданылады. Ниса сүресінде былай делінеді: «Кімде-кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күніне күпір қылса, онда шүбәсіз, хақ жолдан мүлде алыстап, қатты адасқан болады» (Ниса, 136). Бұл аятта «күпір» сөзі «иман келтірмесе» деген мағынада қолданылған.

Шариғатта тыйым салынған бір істен қатты тыю үшін де «күпір» сөзі қолданылады. Сағд ибн Убайдадан риуаят етіледі: «Ибн Омар бір кісінің: «Жоқ, Қағбамен ант етейін», – дегенін естіп, оған: «Алладан басқа ешкіммен ант ішуге болмайды, – деді. Мен Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім: «Кімде-кім Алладан басқа нәрсемен ант етсе, ол кәпір немесе Аллаға серік қосқан болады» (al-Tirmidhi, 2002: 648). Бұл хадистегі «кәпір болды» деген сөз осы істің шариғатта кесімді түрде тыйым салынғанына нұсқайды.

«Күпір» сөзі аяттар мен хадистерде бұлардан басқа мағыналарда да кездеседі.

Шариғат терминінде күпір деп көбінесе діннің бір бөлігі ретінде танылған, үлкенді-кішілі барлығы білетін бір істі мойындамауға айтылады. Яғни күпір – иманға қарама-қайшы ұғым. Мысалы, жаратушыны жоққа шығару, Алла елшісінің пайғамбарлығын мойындамау немесе зинаны харам деп растамау күпір болады.

«كَفَر» сөзі ташдитпен «كَفَّرَ» деп келгенде біреуді күпір еттің деп айыптау, оны исламнан шығарып, күпір дәрежесіне түсіру дегенді білдіреді.

Сондықтан да әһлі сүннет ғалымдары «тәкфир» (мұсылманды кәпірге шығару) мәселесінде өте сақ болу керектігін үнемі айтып келеді. Мысалы, Мәтуриди мәзһабының әйгілі ғалымдарының бірі Мулла Әли Қари (Алла оны рақымына алсын) «Шархул-имам Әли әл-Қари алә китаб әл-әлфазил-куфр» атты кітабында былай деп айтады:

«Кейбір адасқан ағымдардың ұстанымы «шәһәда» сөзін айтып, ислам негіздерін орындап жатқан адамдарды да күпірлікке шығару болатын. Кейбір басқа ағымдар осы топқа мүлде қарама-қайшы көзқараста болып, «шәһәда» сөзін айтқандарды ешбір жағдайда күпірлікке шығаруға болмайды деп есептеді. Ал әһлі сүннет ғалымдары тәкфир ұғымын толығымен жоққа шығармайды және кез келген күнәні діннен шығаратын күпір амал деп есептемейді. Әрқашан мұсылман туралы жақсы ойда болуға тырысады» (Abu al-Hasan, 2002: 16-17).

Ислам дінінен бас тарту және Аллаға серік қосу күпір етудің бір түрі болып есептеледі. Ислам дінінен бас тарту ашық күпір сөзін айту немесе күпір болуды білдіретін сөзді айту немесе күпірді білдіретін амал жасау арқылы жүзеге асады. Әйгілі ханафи ғалымы Кәсәни күпірдің төрт түрі бар екенін баяндап былай деді:

«Біріншісі – Жаратушыны жоққа шығару.

Екіншісі – Жаратушының бар екеніне сеніп, бірақ Оны жалғыз құдай

деп есептемеу. Бұлар – пұтқа және отқа табынушылар.

Үшіншісі – Жаратушының бар екенін және Оның жалғыз екенін мойындау, бірақ жіберілген пайғамбарларды мойындамау. Олар – философтардың бір тобы.

Төртіншісі – Жаратушының бар әрі жалғыз екеніне сену, сондай-ақ жалпылама пайғамбарларды мойындау. Бірақ пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігін жоққа шығару. Бұл – яһудилер мен христиандардың күпірі» (Wizarat al-Awqaf, 1995: 14-19).

Ғұламалар күпірліктің екі түрі бар екенін айтқан. Біріншісі – айқын немесе үлкен күпірлік, екіншісі – нығметке күпірлік ету немесе кіші күпірлік.

Үлкен күпір – адамды ислам дінінен шығарады. Ал кіші күпір діннен шығармайды. Сондай-ақ үлкен күпір жасаған адам тозақта мәңгі қалады, ешқашан жаннатқа кірмейді. Ал кіші күпір жасаған адам күнәһар есептелсе де, бірақ тозақта мәңгі қалмайды, күнәларына жараса тозақта жазасын алып болған соң жаннатқа кіреді. Мұндай күпір Аллаға серік қосудан басқа барлық үлкен күнәні қамтиды. Өйткені шариғатымызда Алланың бұйрығын орындауды иман, ал тыйымдарына құлақ аспауды күпір деп айтады. Келесі аяттар осыған дәлел болады:

«Егер шүкір етсендер, нығметімді арттырамын. Ал егер күпір етсендер, онда азабым, расында да, тым қатты» (Ибраһим, 7).

«Ол сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрін берді. Бергені соншалық – егер Алланың нығметін са-

найтын болсаңдар, санына әсте жете алмайсыңдар. Шынында, адам баласы нығметтерге үнемі күпірлік қылушы, өте залым келеді» (Ибраһим, 34).

«Расында, Лұқманға: «(Қарымына) Аллаға шүкір ет», – деп хикмет дарыттық. Кімде-кім шүкір етсе, тек өзі үшін шүкір етеді. Ал кім күпір қылса, шүбәсіз, Алла еш нәрсеге мұқтаж емес және барлық мақтауға лайық» (Лұқман, 12-аят).

«Оған тура жолды да көрсеттік. Енді қаласа, (осынау нығметтердің қадірін біліп, тура жолмен жүретін) шүкіршіл болар, қаласа, (күпір қылып, теріс жолға түсетін) рақметі жоқ кәпір болар» (Инсан сүресі, 3-аят).

Егер күнә да күпір деп есептелсе, исламда әртүрлі жаза мен шектеу болмас еді. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті зинақорлық жасаған ғамидиялық әйел туралы былай деген: «Бұл әйелдің тәубесі соншалық, егер оның тәубесі мәдиналық жетпіс адамға үлестірілсе, олардан да артылар еді» (al-Nawawi, 2000: 169). Яғни ол әйелге діннен шығу жазасы қолданылмаған.

Егер күнәлар күпір саналса, Алла тағала адам өлтірген қылмыскерді кек алуға құқығы бар туыскандардың діндегі бауыры деп сипаттамас еді. Алла тағала осы жайлы былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Кісі өлтіру мәселесінде сендерге қысас-кек (яғни қанға қан ұстанымы) парыз етілді. Азат адамға азат адам, құлға құл және әйелге әйел. Ал кімге бауыры (яғни өлгеннің мұрагерлері) кешірім берсе, кінәлі жақ (өлген адамның) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп (кешіктірмей әрі толық) төлесін.

Міне, бұл – Раббыларың тарапынан жасалған жеңілдік һәм мейірім. Ал енді кімде-кім осыдан кейін бұл үкімдерге бағынбай, қастандық жасайтын болса, ол үшін жан төзгісіз азап бар» (Бақара, 178).

Егер күнәлар күпір болса, Алла тағала Құранда мүмін бола тұра бір-бірімен соғысқан екі топты мүміндер деп атамас еді. Алла тағала бұл жайында былай деді: «Егер мүміндерден екі топ бір-бірімен соғысса, уақыт оздырмай араларын жарастырыңдар» (Хужурат, 9).

Егер күнә күпір болса, Алла тағала қиянат жасаған Хатиб ибн Әбу Бәлтәаны мүміндердің қатарына қоспас еді. Алла тағала ол жайлы былай деді: «Уа, иман келтіргендер! Менің дұшпандарымды да, өз дұшпандарыңды да дос тұтпандар!» (Мумтахана, 1). Бұл аят Хатиб ибн Әбу Бәлтәа оқиғасы себепті түскен. Оның оқиғасы былай болған. Хижраның сегізінші жылы пайғамбарымыз Мекке жорығына дайындалып жатқанда Хатиб ибн Әбу Бәлтәа есімді сахаба Сара есімді әйелді жалдап, Меккелік мүшріктерге Алла елшісінің жоспары баяндалған хат жібереді. Алла елшісіне бұл туралы уахи түскеннен кейін Әли, Амар, Омар, Талха, Зубайр, Микдәд, Әбу Мәрсәд (оларға Алла разы болсын) жіберіп, хатты алдыртады. Хатиб ибн Әбу Бәлтәа кінәсін мойындап кешірім сұрағанда, Пайғамбар оның кешірімін қабыл алды. Бірақ бұл жағдай басқаларға үлгі болсын деп аят түседі.

Бұл тақырып аясында хадистер де көп. Төменді кейбір хадистерді атап өтсек.

Ибн Аббас (оған Алла разы болсын) «Алланың түсіргенімен үкім етпейтіндер кәпірлер» (Мәида, 44) деген аят туралы сұралғанда, ол: «Бұл сені діннен шығаратын күпірлік емес. Кімде-кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, осы аятқа сенбегені. Бірақ Аллаға және ақырет күніне сенбейтін адам сияқты болмайды», – деп жауап берді (al-Naysaburi, 2002: 342).

Имам Бухари өзінің «Сахихында» «Күйеуіне күпірлік ету» деген тақырыпқа жеке тарауды арнап, онда мына хадисті келтіреді:

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Маған тозақ көрсетілді. Мен тозақтықтардың көпшілігі кәпір әйелдер екенін көрдім. «Олар Аллаға күпірлік еткендер ме?» – деп сұралғанда ол: «Жоқ, олар – күйеулеріне күпірлік еткендер. Өйткені олардың біріне өмір бойы жақсылық жасасаң да, сенен бір (ұнамсыз) нәрсе көрсе: «Мен сенен ешбір жақсылық көрмедім», – деп айтады (al-Bukhari, 2012-2018: 143).

Бұл туралы Әбу Бәкір ибн Араби былай деп түсіндірді: «Имам Бухаридің мақсаты – шариғатта құлшылық есептелген амалдар иман деп аталатыны сияқты күнәлардың да күпірлік деп аталатынын түсіндіру».

Күнәлардың күпірлік деп аталуының себебі мойынсұнбағандар Алланың нығметтерін ұмытып, жасырады. Сондықтан кейде оған кәпір деп айтылады. Имам Бухари осы мағынада бірқатар хадистер келтірген. Мысалы:

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етіледі: Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Әкеле-

ріңнен бас тартпандар! Кімде-кім әкесінен бас тартса, күпір еткені», – деді (al-Bukhari, 2012-2018: 169).

Жәрирден (р.а.) риуаят етіледі: «Пайғамбар (с.а.с.) қоштасу қажылығы кезінде: «Адамдарды тыныштандырыңдар!» – деді. Сонан соң: «Менен кейін бір-біріне қылыш көтеретін кәпір болмандар!» – деді (Ayni al-Hanafi, 2003: 277-278). Яғни істерің кәпірлердің істеріне ұқсамасын деген еді.

Абдулладан риуаят етілген хадисте: «Алла елшісі (с.а.с.): «Мұсылманды қарғау – зұлымдық, онымен соғысу – күпірлік», – деген (al-‘Asqalani, 2010: 598).

Бұл хадистегі күпірлік ислам дінінен шығаратын күпірлік емес. Өйткені Алла тағала Құран Кәрімде: «Егер мүміндердің екі тобы бір-бірімен соғысса, олардың арасын дереу жарастырыңдар!» – деген (Хужурат, 9). Аятта екі топ та мүмін деп аталды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Зәррға: «Сенде жәһилиет кезеңіндегі кейбір сипаттар бар екен», – деді. Алла тағала Құран Кәрімде: «Расында, Алла Өзіне серік қосудан басқа қалаған адамның күнәсін кешіреді», – деді. Имам Бухари өзінің «Сахих» кітабында «Күнәлар жәһилиет кезеңінің істері» деген тарауда жоғарыдағы аятпен хадисті келтіріп былай деген: «Ширктен басқа күнәні істеген адам күпірлікке шығарылмайды».

Мағрур былай дейді: «Мен Әбу Заррды Рабаза деген жерде кездестірдім. Оның үстінде жаңа бір киім, құлының үстінде де жаңа киім көрдім. Мен одан: «Неге екеуің бірдей жаңа киім киіп алғансыңдар», – деп сұрадым. Сонда ол: «Мен бір адам-

мен таласып қалып, тегіне тіл тигіздім. Бұл ісім Алла елшісіне жеткенде: Пайғамбар (с.а.с.) маған: «Ей, Әбу Зарр, расымен анасына тіл тигіздің бе? Сенде жәһилиет кезеңіндегі кейбір сипаттар әлі бар екен!» – деді (al-Bukhari, 2012-2018: 144).

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етіледі: «Алланың елшісі (с.а.с.) былай деді: «Кім бізге қарсы қару көтерсе, ол бізден емес. Кім бізді алдаса, ол бізден емес» (al-Nawawi, 2000: 93).

Осындай хадистерді естігенде алғаш келетін ой адамның аталған күнәлардың бірін істеу арқылы діннен шығуы керек болғанымен, алайда келесі дәлелдерге сүйенсек, осы істерді күнә деп мойындамаған адамның діннен шығатыны жайында айтылып тұрғанын байқаймыз. Алла тағала: «Расында, Алла Өзіне серік қосудан басқа қалаған адамның күнәсін кешіреді», – деді. Кім Аллаға серік келтірсе, жала жауып үлкен күнә істеген болады» (Ниса, 48). Аятта Алла тағала Өзіне серік қосқанды кешірмейтінін, одан басқа күнәларды қалаған пендесіне кешіретінін айтқан.

Осы жайлы хадистерде де айтылған. Мысалы: Әнәс ибн Мәликтен (оған Алла разы болсын) риуаят етіледі: «Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Менің шапағатым үмбетімнің ішіндегі үлкен күнә жасаған адамдарға түседі» (al-Sijistani, 2007: 746).

Бұл хадис жалғыз Аллаға сенгендердің тозақта мәңгі қалмайтынына нұсқайды. Демек, кәлима шаһаданы айтқан адам күнәсі үшін тозақта белгілі бір уақыт жазаланып, күнәсінен тазарған соң жаннатқа кіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада «тәкфир» ұғымының маңыздылығы мен нәзіктігі талқыланды. Тәкфир мәселесінің дұрыс түсінілмеуі тарихта да, қазіргі уақытта да ислам қоғамында ауыр салдарға әкелгені көрсетілді. Мақалада тәкфирдің дұрыс қолданысын қамтамасыз ету үшін тек жоғары деңгейлі білімді ғалымдардың шариғат қағидаларына сүйене отырып шешім қабылдау қажеттілігі атап өтілді.

Күпірлік ұғымының шариғаттағы әртүрлі мағыналары түсіндіріліп, оның негізгі түрлері мен белгілері қарастырылды. Атап айтқанда, күпірліктің үлкен және кіші түрлері арасындағы айырмашылық айқындалып, олардың ислам дініндегі орны талданды. Қоғамда және мемлекетте тәкфирді орынсыз қолданудың салдары ретінде экстремизм, радикализм, бөліну және діни тұрақсыздық секілді мәселелер туындауы мүмкін екендігі айтылды.

Әһлі сүннет ғалымдарының тәкфир мәселесіне сақтықпен қарау қажеттігіне шақыруы – қоғамдағы бейбітшілікті, бірлікті және тұрақтылықты сақтау үшін маңызды қадам. Құран мен сүннетке негізделген ислам діні әрқашан жұмсақтыққа, кешірімділікке және әділдікке үндейді. Мақала тәкфирді асығыс қолданудан сақтандырып, исламның негізгі мақсаты – бейбітшілік пен ізгілікті орнатуды басты назарда ұстауға шақырады.

Тәкфир ұғымын түсіндіру және оның қолданылу салдарын анықтау қоғам мен діннің арасындағы үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУЫ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан № BR24993035 – «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-

тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында қаржыланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. أبو عبد الله محمد بن عبد الله الحاكم النيسابوري. المستدرک علی الصحیحین. بیروت: دار الکتب العلمیة. 1422 هـ – 2002 م. ج. 2. ص: 688.
2. أبو عیسیٰ محمد بن عیسیٰ الترمذی. السنن. بیروت: دار المعرفة. 1423 هـ – 2002 م. ج. 1. ص: 1560.
3. أبو داود سلیمان بن أشعث السجستانی. السنن. بیروت: دار الکتب العلمیة. 1428 هـ – 2007 م. ج. 1. ص: 877.
4. أحمد بن علی بن حجر العسقلانی. فتح الباری بشرح صحیح البخاری. ریاض: دار الطیبة. 1431 هـ – 2010 م. ج. 13. ص: 727.
5. الموسوعة الفقهیة. الكويت: وزارة الأوقاف والشؤون الإسلامية. 1416 هـ – 1995 م. ج. 35. ص: 429.
6. Сахиҳул Бухорий. – Т.: «Hilol-Nashr» нашриёти, 2012-2018. – Т 1. – Б. 670.
7. Сахиҳул Бухорий. – Т.: «Hilol-Nashr» нашриёти, 2012-2018. – Т 8. – Б. 686.
8. محمد بن مكرم بن منظور. لسان العرب. مصر: طبعة بولاق. 1300 هـ - 1882 م. ج. 13. ص: 360.
9. محمد انور شاه بن معظم شاه کشمیری. العرف الشذی شرح سنن الترمذی. بیروت: دار الکتب العلمیة. 1428 هـ – 2007 م. ج. 1. ص: 672.
10. محیی الدین أبی زکریا یحییٰ بن شرف النووی. شرح صحیح مسلم. بیروت: دار الکتب العلمیة. 1421 هـ – 2000 م. ج. 11. ص: 192.
11. محمود بن أحمد أبو محمد بدر الدین العینی الحنفی. عمدة القاری شرح صحیح البخاری. بیروت: دار إحياء التراث العربی. 1424 هـ – 2003 م. ج. 2. ص: 460.
12. محیی الدین أبی زکریا یحییٰ بن شرف النووی. شرح صحیح مسلم. بیروت: دار الکتب العلمیة. 1421 هـ – 2000 م. ج. 2. ص: 211.
13. نور الدین أبو الحسن علی بن سلطان محمد القاری. شرح الإمام علی القارئ علی کتاب ألفاظ الکفر. ریاض: دار الفضیلة. 1422 هـ – 2002 م. ج. 1. ص: 303.

REFERENCES

1. Abu ‘Abdullah Muhammad ibn ‘Abdullah al-Hakim al-Naysaburi. (2002) Al-Mustadrak ‘ala al-Sahihayn. – Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyyah, 1422 AH – Vol. 2. – P. 688.
2. Abu ‘Isa Muhammad ibn ‘Isa al-Tirmidhi. (2002). Al-Sunan. – Beirut: Dar al-Ma‘rifah, 1423 AH – Vol. 1. – P. 1560.
3. Abu Dawud Sulayman ibn al-Ash‘ath al-Sijistani. (2007). Al-Sunan. – Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyyah, 1428 AH – Vol. 1. – P. 877.
4. Ahmad ibn ‘Ali ibn Hajar al-‘Asqalani. (2010). Fath al-Bari bi Sharh Sahih al-Bukhari. – Riyadh: Dar al-Tayyibah, 1431 AH – Vol. 13. – P. 727.

5. Al-Mawsu'ah al-Fiqhiyyah. (1995). – Kuwait: Wizarat al-Awqaf wa al-Shu'un al-Islamiyyah, 1416 AH – Vol. 35. – P. 429.
6. Mahmud ibn Ahmad Abu Muhammad Badr al-Din al-‘Ayni al-Hanafi. (2003). ‘Umdat al-Qari Sharh Sahih al-Bukhari. – Beirut: Dar Ihya’ al-Turath al-‘Arabi, 1424 AH – Vol. 2. – P. 460.
7. Muhammad Anwar Shah ibn Mu‘azzam Shah al-Kashmiri. (2007). Al-‘Arf al-Sh-adhi Sharh Sunan al-Tirmidhi. – Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyyah, 1428 AH – Vol. 1. – P. 672.
8. Muhammad ibn Makram ibn Manzur. (1882) Lisan al-‘Arab. – Misr: Taba‘at Bulaq, 1300 AH – Vol. 13. – P. 360.
9. Muhyi al-Din Abu Zakariyya Yahya ibn Sharaf al-Nawawi. (2000). Sharh Sahih Muslim. – Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyyah, 1421 AH – Vol. 11. – P. 192.
10. Muhyi al-Din Abu Zakariyya Yahya ibn Sharaf al-Nawawi. (2000). Sharh Sahih Muslim. – Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyyah, 1421 AH – Vol. 2. – P. 211.
11. Nur al-Din Abu al-Hasan ‘Ali ibn Sultan Muhammad al-Qari. (2002). Sharh al-Imam ‘Ali al-Qari ‘ala Kitab Alfaz al-Kufr. – Riyadh: Dar al-Fadilah, 1422 AH – Vol. 1. – P. 303.
12. Sahih al-Bukhari. (2012-2018). – Tashkent: «Hilol-Nashr» nashriyoti, – Vol. 1. – P. 670.
13. Sahih al-Bukhari. (2012-2018). – Tashkent: «Hilol-Nashr» nashriyoti – Vol. 8. – P. 686.